

**«Республикалық кегел спорт  
федерациясы»  
Қоғамдық бірлестігі мүшелерінің  
құрылтай жиналысымен бекітілген  
№ 1 ХАТТАМА  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 2018 ж.**

**«Республикалық кегел спорт федерациясы»  
Қоғамдық бірлестігінің  
ЖАРҒЫСЫ**

**У Т В Е Р Ж Д Е Н  
Учредительным собранием членов  
Общественного объединения  
«Республиканская федерация  
кегельного спорта»  
Протокол № 1  
от «\_\_» \_\_\_\_\_ 2018 г.**

**У С Т А В  
ОБЩЕСТВЕННОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ  
«Республиканская федерация  
кегельного спорта»**

**Алматы, 2018**

## **СТАТЬЯ 1. Общие положения. Юридический статус**

1.1. **Общественное объединение «Республиканская федерация кегельного спорта»**, в дальнейшем “объединение”, создано в результате добровольного объединения граждан на основе членства и является общественной организацией.

1.2. Наименование объединения на казахском языке: полное **«Республикалық кегел спорт федерациясы» Қоғамдық бірлестігі**; сокращенное: **«РКСФ» ҚБ**; на русском языке: полное **Общественное объединение «Республиканская федерация кегельного спорта»**; сокращенное **ОО «РФКС»**.

1.3. Объединение имеет республиканский статус. Территория деятельности – Республика Казахстан. Срок деятельности Объединения не ограничен. Объединение обязано до истечения года со дня регистрации создать свои структурные подразделения (филиалы и представительства) на территории более половины областей РК.

1.4. Общественное объединение осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией РК, Гражданским кодексом, Законами Республики Казахстан “Об общественных объединениях” от 31 мая 1996 г. №3, “О некоммерческих организациях” от 16 января 2001 г. № 142, и настоящим Уставом на принципах равноправия его членов, законности, самоуправления, отчетности и гласности его деятельности.

1.5. Объединение обладает обособленным имуществом и отвечает этим имуществом по своим обязательствам, от своего имени через своих должностных лиц приобретает и осуществляет имущественные и личные неимущественные права и обязанности, выступает истцом, ответчиком и третьим лицом в суде, имеет самостоятельный баланс и смету. На основании вышеизложенного Общественное объединение признается юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан с момента его государственной регистрации.

1.6. Объединение обладает правами, предоставленными ему членами объединения в пределах закона, и располагает атрибутами, необходимыми для его деятельности (банковские счета, включая валютные, печати и штампы, бланки, товарные знаки и пр.).

1.7. Место нахождения объединения: **050056, Республика Казахстан, г. Алматы, Турксибский район, ул.Цимлянская, д. 14, кв.2.**

Место нахождения постоянно действующего руководящего органа: **050056, Республика Казахстан, г.Алматы, Турксибский район, ул.Цимлянская, д. 14, кв.2.**

## **СТАТЬЯ 2. Цель и предмет деятельности объединения**

2.1. Предметом деятельности Общественного объединения является развитие и пропаганда казахстанского боулинга.

2.2. Целью деятельности Общественного объединения **«Республиканская федерация кегельного спорта»** являются развитие и пропаганда боулинга, организация и проведение спортивных мероприятий, подготовка спортсменов - членов сборных команд по боулингу, укрепление связей со спортивными и другими организациями.

2.3. Для достижения своей цели объединение осуществляет следующие виды деятельности:

2.3.1 совместная работа с субъектами физической культуры и спорта по вопросу развития боулинга в Республике Казахстан;

2.3.2 организация и проведение межрегиональных, республиканских и международных спортивных соревнований по боулингу;

2.3.3 организация и проведение спортивных мероприятий по повышению квалификации спортивных специалистов: семинары, симпозиумы, конференции, лекции, выставки и консультации и пр.;

2.3.4 создание условий для успешного выступления спортсменов и национальных сборных команд Республики Казахстан по боулингу на соревнованиях всех уровней, под эгидой Зональных Федераций Боулинга (Азиатской - ABF, Европейской - ETBF, Панамериканской - PABCON) и WB (Всемирного Боулинга);

2.3.5 развитие и укрепление межрегиональных и международных связей;

2.3.6 создание различных организаций, в том числе: координационных советов, в целях организационно-методического обеспечения вопросов взаимодействия структурных подразделений Федерации, организации и проведения соревнований межрегионального уровня, а также для решения других вопросов развития боулинга в субъектах Республики Казахстан;

2.3.7 борьба за нравственную чистоту в спорте;

2.3.8 социальная защита прав и интересов спортсменов, спортивных специалистов и ветеранов боулинга;

2.3.9 организация и проведение мероприятий по повышению квалификации спортивных специалистов;

2.3.10 борьба против использования допинговых и других причиняющих вред здоровью средств и методов в соответствии с Всемирным антидопинговым кодексом Всемирного антидопингового агентства (далее «ВАДА»), антидопинговыми правилами Зональных Федераций Боулинга и Всемирного Боулинга, антидопинговыми правилами, установленными законодательством Республики Казахстан;

2.3.11 подготовка спортивных судей, тренеров и организация их работы;

2.3.12 создание благоприятных условий для объединения специалистов в области боулинга в целях профессионального единства, обмена опытом, реализации творческого, научного потенциала членов Федерации, расширение круга занимающихся боулингом, повышения мастерства действующих спортсменов;

2.3.13 организация специальных выставок и семинаров с привлечением отечественным и зарубежных специалистов, и фирм;

2.3.14 осуществление издательской деятельности в соответствии с действующим законодательством;

2.3.15 Федерация осуществляет также виды деятельности, не запрещенные законодательством Республики Казахстан и соответствующие целям деятельности Федерации, которые предусмотрены ее учредительными документами.

### **СТАТЬЯ 3. Права и обязанности объединения**

3.1. Общественное объединение приобретает права и принимает на себя обязанности через свои руководящие органы, действующие в пределах полномочий, предоставленных уставом и законодательством Республики Казахстан.

**3.2. Для осуществления уставных целей общественное объединение в установленном законодательством Республики Казахстан порядке имеет право:**

- 3.2.1. распространять информацию о своей деятельности;
- 3.2.2. представлять и защищать права и законные интересы своих членов в судах и других государственных органах, иных общественных объединениях;
- 3.2.3. учреждать средства массовой информации;
- 3.2.4. осуществлять издательскую и переводческую деятельность;
- 3.2.5. проводить собрания, опросы общественного мнения, митинги, демонстрации, пикетирования, шествия;
- 3.2.6. вступать в другие некоммерческие, в том числе международные неправительственные объединения;
- 3.2.7. осуществлять предпринимательскую деятельность постольку, поскольку это служит достижением уставных целей;
- 3.2.8. осуществлять иные полномочия, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

**3.3. Общественное объединение обязано:**

- 3.3.1. соблюдать законодательство Республики Казахстан, а также нормы, предусмотренные уставом;
- 3.3.2. обеспечить своим членам возможность ознакомиться с документами и решениями, затрагивающими их права и интересы;
- 3.3.3. информировать своих членов о поступлении и расходовании денежных средств;
- 3.3.4. информировать регистрирующий орган об изменениях местонахождения постоянно действующего руководящего органа и данных о руководителях в объеме сведений, включаемых в Национальный реестр бизнес идентификационных номеров.

### **СТАТЬЯ 4. Органы управления и контроля**

4.1. Руководящими органами объединения являются:

- **Общее собрание членов Объединения** - Высший орган;
- **Президиум** - высший исполнительный коллегиальный орган состоит из пяти членов, осуществляет руководство деятельностью объединения в период между собраниями и возглавляется Президентом;
- **Ревизионная комиссия** - Контрольный орган.

**Общее собрание членов объединения:**

4.2. Высшим органом управления объединением является Общее собрание членов объединения, в дальнейшем "Общее собрание". Общее собрание созывается Президиумом не реже одного раза в пять лет.

4.2.1. О созыве, дате, повестке дня и месте проведения Общего собрания объявляется Президиумом объединения не позднее, чем за один месяц до его созыва.

4.3. К исключительной компетенции Общего собрания относится:

- 4.3.1. принятие, внесение изменений и дополнений в учредительные документы объединения;
- 4.3.2. добровольная реорганизация и ликвидация объединения; определение приоритетных направлений деятельности объединения, принципов формирования и использования его имущества;
- 4.3.3. определение компетенции, организационной структуры, порядка формирования и прекращения полномочий органов управления объединения;
- 4.3.4. определение порядка и периодичности предоставления финансовой отчетности исполнительных органов, а также порядка проведения проверки контрольным органом и утверждение их результатов;
- 4.3.5. принятие в пределах, установленных законодательными актами, решение об участии объединения в создании или деятельности других юридических лиц, а также своих филиалов и представительств;

4.4. Общее собрание считается правомочным, если на нем присутствуют представители, обладающие не менее двух третей от общего количества голосов членов объединения.

4.5. Решения Общего собрания принимаются открытым или закрытым голосованием простым большинством голосов участников Общего собрания. Решения о внесении изменений и дополнений в устав и о прекращении деятельности объединения принимаются простым большинством голосов присутствующих.

4.6. Каждый участник заседания Общего собрания, являющийся действующим членом Объединения, имеет право голоса на заседании Общего собрания и обладает одним голосом.

**Президиум:**

4.7. Президиум осуществляет управление деятельностью объединения и избирается общим собранием сроком на пять лет.

- 4.7.1. созывает и готовит вопросы для рассмотрения на Общем собрание;
- 4.7.2. разрабатывает и представляет на рассмотрение программы и проекты деятельности объединения;
- 4.7.3. разрабатывает и утверждает инструкции и положения, а также устанавливает структуру по вопросам деятельности объединения;
- 4.7.4. обеспечивает реализацию решений Общего собрания;
- 4.7.5. решает вопросы о приеме в члены и исключает из состава объединения;
- 4.7.6. определяет размер и порядок внесения членских взносов;
- 4.7.7. разрабатывает предложения по внесению на рассмотрение собрания изменений и дополнений к Уставу объединения;

4.7.8. заседания Президиума проводятся по мере необходимости, но не реже одного раза в год. Заседание является правомочным, если в нем участвует более половины его состава, а решение считается принятым, если за него проголосовало более 50 % присутствующих, в случае равенства голосов решающим считается голос Президента;

4.7.9. из числа членов Президиума Общее собрание избирает Президента.

4.7.10. члены Президиума по истечении 5 лет с момента его формирования освобождаются от занимаемой должности, либо их срок продлевается решением общего собрания членов объединения;

4.7.11. члены Президиума могут быть досрочно освобождены от занимаемой должности в случае ненадлежащего исполнения своих обязанностей.

**Президент:**

4.8.1. возглавляет Президиум, является высшим должностным лицом объединения и избирается Общим собранием сроком на 5 лет из числа членов Президиума;

4.8.2. руководит текущей деятельностью объединения в рамках утвержденных проектов и программ объединения и выполнения решения Общего собрания;

4.8.3. представляет интересы объединения в государственных и общественных организациях, заключает от имени объединения контракты, договоры и соглашения, представляет объединение в отношениях с другими юридическими лицами;

4.8.4. представляет Общему собранию отчет о своей деятельности и работе Президиума объединения, несет ответственность перед Общим собранием членов Объединения за результаты финансово-хозяйственной деятельности объединения;

4.8.5. открывает счета объединения в кредитных учреждениях;

4.8.6. без доверенности действует от имени объединения, является распорядителем кредитов, подписывает финансовые и другие документы;

4.8.7. представляет на утверждение Президиума штатное расписание объединения и должностные инструкции;

4.8.8. принимает на работу и увольняет сотрудников объединения, согласно штатного расписания;

4.8.9. назначает главного тренера объединения после консультаций с членами президиума;

4.8.10. издает приказы, распоряжения, инструкции в пределах своей компетенции;

4.8.11. решает другие вопросы деятельности объединения в соответствии с настоящим Уставом.

4.8.12. Президент может быть освобожден от занимаемой должности:

- решением Президиума только в случае невозможности исполнения своих обязанностей;

- решением Общего собрания по отрицательным результатам отчета своей деятельности;

4.8.13. Президент вправе в любое время отказаться от исполнения обязанностей, поставив в известность об этом Президиум в письменной форме за три месяца до фактического отказа.

**Ревизионная комиссия:**

4.9. Для осуществления контроля за финансово-хозяйственной деятельностью объединения Общее собрание избирает Ревизионную комиссию в составе 3-х человек, сроком на 3 года.

4.10. Ревизионная комиссия проводит ревизию не реже одного раза в год и представляет отчеты о своей работе на утверждение общего собрания.

4.11. Члены Ревизионной комиссии по истечению 3 лет после их избрания освобождаются от занимаемой должности или переизбираются решением Общего собрания;

4.12. Члены Президиума не могут быть членами ревизионной комиссии.

4.13. Порядок работы ревизионной комиссии (ревизора) Объединения определяется правилами и иными документами, регулирующими внутреннюю деятельность Объединения.

## **СТАТЬЯ 5. Членство (участие). Порядок приобретения и утраты**

5.1. Членами объединения могут быть граждане Республики Казахстан. Иностранцы граждане и лица без гражданства могут быть участниками Объединения наравне с гражданами РК.

5.2. Прием в члены объединения производится Президиумом объединения на основании письменного заявления. Решение о приеме в члены объединения принимается Президиумом объединения, при участии не менее половины его членов, простым большинством голосов.

5.3. Выход из состава членов Объединения осуществляется путем подачи письменного мотивированного заявления Президиуму, не позднее, чем за три месяца до выхода.

5.4. Решение о выходе Члена Объединения принимается Президиумом. Дата принятия решения считается датой выхода.

5.5. До принятия Президиумом решения о выходе Члена из состава Объединения, он должен исполнить ранее принятые на себя обязательства по отношению к Объединению.

5.6. Члены Федерации уплачивают взносы. Размер и условия внесения членских взносов определяется Протоколом заседания Президиума Федерации.

## **СТАТЬЯ 6. Права и обязанности членов Объединения**

**6.1. Члены объединения имеют право:**

6.1.1. избирать и быть избранными в органы управления;

6.1.2. вносить предложения по вопросам, относящимся к деятельности объединения на рассмотрение руководящих органов объединения;

6.1.3. получать информацию, касающуюся деятельности объединения;

6.1.4. члены объединения имеют право свободного выхода из состава объединения;

6.1.5. получать консультации специалистов объединения в рамках их компетенции;

6.1.6. получить право на участие (годовую номерную лицензию объединения), действующее с момента внесения членского взноса до 31 декабря т.г. и на её основании участвовать в рейтинге боулеров РК, представлять РК на международных соревнованиях по боулингу, согласно правил Зональных Федераций Боулинга и Всемирного Боулинга, получать спортивные звания, согласно разрядных нормативов, утвержденных МКиС РК.

**6.2. Члены объединения обязаны:**

- 6.2.1. участвовать в деятельности объединения;
- 6.2.2. соблюдать настоящий устав;
- 6.2.3. принимать участие в мероприятиях объединения, своевременно вносить ежегодные членские взносы;
- 6.2.4. не допускать действий, наносящих объединению моральный и материальный ущерб;
- 6.2.5. активно содействовать решению стоящих перед объединением задач, соответствующие цели настоящего устава;
- 6.2.6. выполнять решения руководящих органов объединения;
- 6.3. Члены объединения не имеют прав на переданное ими объединению имущество, в том числе на членские взносы.
- 6.4. Члены объединения не отвечают по обязательствам объединения, равно как и объединение не отвечает по обязательствам своих членов.
- 6.5. За нарушение членом объединения требований настоящего устава по решению Президиума объединения членство в объединении может быть прекращено.

## **СТАТЬЯ 7. Имущество объединения**

7.1. Общественное объединение может осуществлять предпринимательскую деятельность постольку, поскольку это служит достижению уставных целей. Предпринимательская деятельность общественным объединением осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Доходы от предпринимательской деятельности общественных объединений подлежат налогообложению в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Доходы от предпринимательской деятельности общественного объединения не могут перераспределяться между членами общественного объединения и должны использоваться для достижения уставных целей.

Допускается использование общественными объединениями своих средств на благотворительные цели.

7.2. Имущество объединения составляют материальные ценности и финансовые ресурсы, находящиеся на балансе. Собственностью объединения могут быть здания, сооружения, жилищный фонд, автотранспорт, оборудование, инвентарь, имущество культурно-просветительного и оздоровительного назначения, деньги, акции и другие ценные бумаги, а также иное имущество, необходимое для обеспечения деятельности, предусмотренной настоящим уставом.

**7.3. Источником формирования имущества объединения являются:**

- 7.3.1. членские взносы членов объединения;
- 7.3.2. добровольные взносы и пожертвования различных организаций и отдельных граждан в различной форме;
- 7.3.3. поступления от проведения благотворительных акций, аукционов, лотерей и других мероприятий, проводимых объединением;
- 7.3.4. финансовая помощь в виде грантов;
- 7.3.5. доходы от разрешенной предпринимательской деятельности;
- 7.3.6. иные средства и поступления, не запрещенные действующим законодательством Республики Казахстан.
- 7.4. Все поступившие в объединение деньги, включая взносы членов объединения, а также чистый доход от деятельности принадлежат объединению на праве собственности и направляются на уставные цели.
- 7.5. За счет поступивших средств и взносов, а также полученного чистого дохода создаются необходимые для деятельности экономические фонды объединения, в том числе фонд оплаты труда и представительский фонд.
- 7.6. Членские взносы Членов (участники) Объединения, выбывших из Объединения, возврату не подлежат.

## **СТАТЬЯ 8. Конфликт интересов и его разрешение**

8.1. Сделки между объединением и заинтересованными лицами, связанные с распоряжением имуществом организации, предполагают наличие конфликта интересов.

8.2. Заинтересованными лицами признаются члены органа управления (Президиума) объединения, а также лица, которые в силу своих отношений с объединением могут влиять на распоряжение объединением своим имуществом, заключающие сделки со своей организацией лично или через представителя.

8.3. Конфликт интересов также предполагается, если объединение заключает сделки с родственниками заинтересованных лиц, а также их кредиторами.

**8.4. Разрешение конфликта интересов**

8.4.1. Сделка, в которой предполагается конфликт интересов, должна быть утверждена Президиумом объединения. Заинтересованное лицо должно проинформировать Президиум объединения о предполагаемом заключении такой сделки.

8.4.2. Заинтересованное лицо несет ответственность по возмещению убытков, причиненных объединению в результате такой сделки, заключенной при наличии конфликта интересов, если сделка не была утверждена Президиумом объединения.

8.4.3. Дополнительно к возмещению убытков такое заинтересованное лицо должно также вернуть объединению весь доход, полученный этим лицом в результате заключения такой сделки.

8.4.4. Если убытки возникли в результате действий нескольких заинтересованных лиц, они должны нести солидарную ответственность перед объединением.

#### **СТАТЬЯ 9. Порядок внесения изменений и дополнений в Устав Объединения**

9.1. Изменения или дополнения в настоящий Устав может вносить только Общее собрание членов объединения, если на ней присутствует не менее половины избранных членов Объединения.

9.2. Изменения или дополнения в Устав считаются принятыми, если проголосовало больше половины присутствующих членов Объединения. Форму голосования устанавливает собрание.

9.3. Каждый член Объединения имеет право вносить предложения об изменениях или дополнениях Устава. Президент имеет право по собственной инициативе вносить предложения об изменениях или дополнениях в Устав.

#### **СТАТЬЯ 10. Финансовый год и отчетность**

10.1. Финансовый год объединения устанавливается с 1 января по 31 декабря календарного года.

10.2. Бухгалтерский учет и финансовая отчетность ведутся в порядке, установленном действующим законодательством.

#### **СТАТЬЯ 11. Трудовые и социальные взаимоотношения**

11.1. Характер и порядок взаимоотношений объединения с третьими лицами и трудовым коллективом определяются в конкретных трудовых и хозяйственных соглашениях.

11.2. Объединение вправе производить наем работников с заключением индивидуальных трудовых договоров в соответствии трудового законодательства Республики Казахстан.

11.3. Социальное страхование работников осуществляется в порядке и на условиях, установленных действующим законодательством.

11.4. Режим работы устанавливает Президент.

#### **СТАТЬЯ 12. Филиалы и Представительства**

12.1. Объединение обязано открывать филиалы и представительства на территории более половины областей, действующие в пределах Республики Казахстан, в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан.

12.2. Филиал (представительство) наделяется имуществом объединения и действует на основании Положения, утвержденного объединением. Имущество филиала или представительства учитывается на отдельном балансе и на балансе объединения.

12.3. Филиал (представительство) подлежит учетной регистрации, которая проводится в порядке и сроках, установленных законодательством Республики Казахстан.

12.4. Ликвидация филиала (представительства) производится по основаниям и в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан.

#### **СТАТЬЯ 13. Реорганизация и ликвидация**

13.1. Прекращение деятельности Объединения осуществляется в форме реорганизации или ликвидации в порядке, предусмотренном законодательными актами.

13.2. Реорганизация Объединения может быть произведена в форме слияния, присоединения, разделения, выделения, преобразования и в других формах предусмотренных законодательством. При реорганизации Объединения ее права и обязанности переходят к правопреемникам.

13.3. Объединение ликвидируется:

- по решению Общего собрания членов Объединения;

- по решению суда, а также в иных случаях, предусмотренных действующим законодательством.

13.4. Ликвидация Объединения производится назначенной членами Объединения ликвидационной комиссией, а в случаях прекращения деятельности Объединения по решению суда - ликвидационной комиссией, назначаемой этим органом.

13.5. Ликвидационная комиссия обязана опубликовать в официальных печатных изданиях центрального органа юстиции сообщение о ликвидации Объединения.

13.6. С момента назначения ликвидационной комиссии к ней переходят полномочия по управлению делами Объединения. Ликвидационная комиссия оценивает наличное имущество Объединения, выявляет его дебиторов и кредиторов, рассчитывается с ними, принимает меры к оплате долгов Объединения третьим лицам, составляет ликвидационный баланс и представляет его Общему собранию членов Объединения.

13.7. Уведомление о ликвидации Объединения направляется в регистрирующий орган незамедлительно с момента принятия решения Общего собрания членов Объединения (в случае добровольной ликвидации) или

судом (в случае принудительной ликвидации) отчета ликвидационной комиссии и ликвидационного баланса. Ликвидация считается завершенной, а Объединение прекратившим свою деятельность с момента внесения записи об этом в Национальный реестр бизнес идентификационных номеров.

#### **СТАТЬЯ 14. Имущество ликвидируемого Объединения**

14.1. После погашения в установленном порядке задолженности перед бюджетом и кредиторами Объединения, оставшееся имущество направляется на цели, предусмотренные в Уставе Объединения.

В случае, когда Объединение пользовалось налоговыми и другими льготами и существовало на взносы членов, доходы от своей деятельности, пожертвования общественности, получало гранты от государства или негосударственных организаций, имущество, оставшееся при ликвидации после расчетов с кредиторами, не может быть перераспределено между членами, должностными лицами или наёмными работниками Объединения, а должно быть использовано на её уставные цели.

Президент Президиума

\_\_\_\_\_ Ю.Д. Тлеумуратов

## **1-БАП. Негізгі ережелер. Заңдық мәртебесі**

1.1. «**Республикалық кегел спорт федерациясы**» **Қоғамдық бірлестігі**, бұдан әрі «Бірлестік», азаматтардың ерікті бірігу нәтижесінде мүшелік негізде құрылған және қоғамдық ұйым болып табылады.

1.2. Бірлестіктің қазақ тіліндегі толық атауы: «**Республикалық кегел спорт федерациясы**» **Қоғамдық бірлестігі**, қысқаша атауы: «**РКСФ**» **ҚБ**; орыс тіліндегі толық атауы: **Общественное объединение «Республиканская федерация кегельного спорта»**, қысқаша атауы: **ОО «РФКС»**.

1.3. Бірлестік республикалық мәртебеге ие. Қызмет аумағы – Қазақстан Республикасы. Бірлестіктің қызмет ету мерзімі шектелмеген. Бірлестік тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде ҚР облыстарының жартысынан астамында өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдар мен өкілдіктер) құруға міндетті.

1.4. Қоғамдық бірлестік өз қызметін ҚР Конституциясына, Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы № 3 «Қоғамдық бірлестіктер туралы», 2001 жылғы 16 қаңтардағы № 142 «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңдарына және осы Жарғыға сәйкес оның мүшелерінің теңдігі, заңдылығы, өзін өзі басқару, есеп беру және оның қызметінің жариялылығы қағидасында жүзеге асырады.

1.5. Бірлестіктің оқшауланған мүлкі бар және осы мүлікпен өз міндеттемесі бойынша жауап береді, өз атынан өзінің лауазымды тұлғалары арқылы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттіліктерге ие болады және жүзеге асырады, сотта талапкер, жауапкер және үшінші тұлға ретінде шығып сөйлейді, дербес балансы және сметасы бар. Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қоғамдық бірлестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен бастап Қазақстан Республикасының заңнамасына сай заңды тұлға болып табылады.

1.6. Бірлестік оған бірлестік мүшелері берген құқықтарға заң шегінде ие, және оның қызметі үшін қажетті белгілері (банктік шоттар, оның ішінде валюталық шоттар, мөрлер мен мөртаңбалар, бланкілер, тауарлық белгілер және т.б.) бар болады.

1.7. Бірлестіктің орналасқан жері: **050056, Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, Түрксіб ауданы, Цимлянская к-сі, 14-үй, 2 пәтер.**

Тұрақты жұмыс істейтін басқару органының тұрған жері: **050056, Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, Түрксіб ауданы, Цимлянская к-сі, 14-үй, 2 пәтер.**

## **2-БАП. Бірлестік қызметінің мәні мен мақсаттары**

2.1. Бірлестік қызметінің мәні қазақстандық боулингті дамыту және насихаттау болып табылады.

2.2. «**Республикалық кегел спорт федерациясы**» **Қоғамдық бірлестігі** қызметінің мақсаты боулингті дамыту және насихаттау, спорттық іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу, боулинг бойынша командаларды - құрама команда мүшелерін даярлау, спорттық және басқа ұйымдармен қарым-қатынасты нығайту.

2.3. Өз мақсатына қол жеткізу үшін Қоғамдық бірлестік мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

2.3.1 Қазақстан Республикасындағы боулингті дамыту мәселесі бойынша дене шынықтыру және спорт субъектілерімен бірлесіп жұмыс жүргізу;

2.3.2 Боулинг бойынша аймақ аралық, республикалық және халықаралық спорттық жарыстар ұйымдастыру және жүргізу;

2.3.3 Спорт мамандарының біліктілігін арттыру үшін спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: семинарлар, симпозиумдар, конференциялар, лекциялар, көрмелер мен консультациялар және т.б.;

2.3.4 Аймақтық боулинг федерацияларының (Азиялық - ABF, Еуропалық - ETBF, Панамерикан - PABCON) және WB (Әлем Боулинг) қолдауымен барлық деңгейдегі жарыстарда Қазақстан Республикасының спортшылары мен ұлттық құрама командаларының боулингте табысты жұмыс көрсету үшін жағдай жасау;

2.3.5 Аймақ аралық және халықаралық байланысты дамыту және нығайту;

2.3.6 Түрлі ұйымдар құру, соның ішінде: Федерация құрылымдық бөлімшелерінің өзара қарым-қатынасын ұйымдастырушылық және әдістемелік қамтамасыз ету, аймақ аралық деңгейдегі конкурстарды ұйымдастыру және өткізу, Қазақстан Республикасының субъектілерінде боулингті дамытудың басқа мәселелерін шешу мақсатында үйлестіру орталықтары;

2.3.7 Спортта өнегелі тазалық үшін күрес;

2.3.8 Спортшылардың, спорт мамандары мен боулинг ардагерлерінің құқығы мен мүддесін әлеуметтік қорғау;

2.3.9 Спорт мамандарының біліктілігін жоғарылату үшін іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

2.3.10 Дүниежүзілік допингке қарсы күрес агенттігінің Дүниежүзілік допингке қарсы кодексіне («WADA»), Аймақтық Боулинг пен Дүниежүзілік Боулинг федерациясының Ережесіне, Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген допингке қарсы ережелеріне сәйкес допингке қарсы және басқа да денсаулыққа зиянды құралдар мен әдістерді қолдануға қарсы күрес;

2.3.11 Спорт төрелерін, жаттықтырушыларды даярлау және олардың жұмысын ұйымдастыру;

2.3.12 Федерация мүшелерінің кәсіби ынтымақтастығы, тәжірибе алмасуы, ғылыми және шығармашылық әлеуетін іске асыру мақсатында боулинг саласындағы мамандарды біріктіру үшін қолайлы жағдайлар жасау, боулингпен айналысатын адамдардың ой-өрісін кеңейту, спортшылардың дағдыларын жетілдіру;

2.3.13 Отандық және шетелдік мамандарды, фирмаларды тарту арқылы арнайы көрмелер мен семинарлар ұйымдастыру;

2.3.14 Қызметтегі заңға сәйкес баспа қызметін жүзеге асыру;

2.3.15 Федерация, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған және оның құрылтай құжаттарымен көзделген Федерация қызметінің мақсаттарына сәйкес келетін іс-шараларды жүзеге асырады.



### 3-БАП. Бірлестіктің құқықтары мен міндеттері

3.1. Қоғамдық бірлестік жарғымен және Қазақстан Республикасының заңдарымен берілген құзырет шегінде әрекет ететін өзінің басқару органдары арқылы құқықтар мен міндеттіліктерге ие болады.

**3.2. Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңдары бекіткен тәртіпте қоғамдық бірлестік құқылы:**

3.2.1. Өзінің қызметі туралы ақпаратты таратуға;

3.2.2. Соттарда және де басқа мемлекеттік органдарда, өзге қоғамдық бірлестіктерде өз мүшелерінің заңды мүдделерін ұсынуға және қорғауға;

3.2.3. Бұқаралық ақпарат құралын құруға;

3.2.4. Баспалық және аудармашылық қызметін жүзеге асыруға;

3.2.5. Жиналыстар, қоғамдық пікірді сұрастыруға, митингілер, шерулер, пикетке шығуы, ереуілдер өткізуге;

3.2.6. Коммерциялық емес, соның ішінде халықаралық үкіметтік емес бірлестіктер қатарына кіруге;

3.2.7. Жарғылық мақсаттарға сай келетіндіктен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

3.2.8. Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға.

**3.3. Қоғамдық бірлестік міндетті:**

3.3.1. Қазақстан Республикасының заңдарын, сонымен қатар, жарғымен қарастырылған нормаларды сақтауға;

3.3.2. Өз мүшелеріне құжаттармен және өздерінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты шешімдермен танысуына мүмкіндік беруді қамтамасыз етуге;

3.3.3. Ақшалай қаражаттардың түсуі мен жұмсалуды туралы өз мүшелерін хабардар етуге;

3.3.4. Тұрақты жұмыс істейтін басқарушы органның мекен-жайының өзгеруі және бірыңғай мемлекеттік тізілімге кіретін мәліметтердің көлемінде басшылар жайлы деректердің өзгеруі туралы тіркеуші органды хабардар етуге.

### 4-БАП. Басқару және бақылау органдары

4.1. Бірлестіктің басқару органдары мыналар:

- Бірлестік мүшелерінің жалпы жиналысы - Жоғарғы орган;

- **Президиум** – бес мүшеден тұратын жоғарғы атқарушы алқалы орган, жиналыстар арасында бірлестіктің қызметіне басшылық жасауды жүзеге асырады және оны **Президент** басқарады;

- **Тексеру комиссиясы** - Бақылаушы органы.

**Бірлестік мүшелерінің Жалпы жиналысы :**

4.2. Бірлестік мүшелерінің Жалпы жиналысы жоғары басқарушы органы болып табылады, бұдан әрі “Жалпы жиналыс”. Жалпы жиналысты Президиум бес жылда бір рет өткізеді.

4.2.1. Жалпы жиналысты шақыру, өткізілетін күні, жері мен күн тәртібін Бірлестіктің Президиумсы жиналыстың шақырылуына бір айдан кешіктірілмей хабарлайды.

4.3. Жалпы жиналыстың ерекше құзыретіне мыналар жатады:

4.3.1. Бірлестіктің құрылтай құжаттарын қабылдау, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

4.3.2. Бірлестікті ерікті түрде қайта құру және тарату; бірлестік қызметінің басым бағыттарын, оның мүлкінің құрылу және пайдалану қағидаларын анықтау;

4.3.3. Бірлестікті басқару органдарының құзыретін, ұйымдастырушылық құрылымын, өкілеттіктерінің құрылуы мен тоқтату тәртібін анықтау;

4.3.4. Атқарушы органдарының қаржылық есептерінің ұсыну тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ, бақылаушы органның тексеруді жүргізу тәртібін анықтау және нәтижелерін бекіту;

4.3.5. Заң актілерімен бекітілген шекте, бірлестіктің заңды тұлғалардың, филиалдары мен өкілдіктерін құруға немесе қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау;

4.4. Егер жалпы жиналысқа бірлестік мүшелерінің жалпы дауыс санынан дауыстардың кем дегенде екіден үшіне ие өкілдер қатысса, онда ол құқықты болып есептеледі.

4.5. Жалпы жиналыстың шешімдері ашық немесе жабық дауыс беру арқылы Жалпы жиналысқа қатысушылардың қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Жарғыға өзгертулер және толықтырулар енгізу туралы және бірлестіктің қызметін тоқтату туралы шешім қатысушылардың қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

4.6. Бірлестіктің белсенді мүшесі болып табылатын, Жалпы жиналыстың кез келген қатысушысы Жалпы жиналыстың отырысында дауыс беруге құқылы және бір дауысқа ие.

**Президиум:**

4.7. Президиум бірлестікті басқарады және жалпы жиналыста бес жыл мерзімге сайланады.

4.7.1. Жалпы жиналысқа шақырады және онда қарау үшін мәселелерді дайындайды;

4.7.2. Бірлестік қызметінің бағдарламалары мен жобаларын әзірлейді және қарауға ұсынады;

4.7.3. Нұсқаулықтарды және ережелерді әзірлейді және бекітеді, сонымен қатар, бірлестік қызметінің мәселелері бойынша құрылымды бекітеді;

4.7.4. Жалпы жиналыс шешімдерінің жүзеге асуын қамтамасыз етеді;

4.7.5. Мүшелікке қабылдау және бірлестіктің құрамынан шығару туралы мәселелерді шешеді;

4.7.6. Мүшелік жарнаның мөлшері мен төлеу тәртібін анықтайды;

4.7.7. Жиналыстың қарауына бірлестіктің Жарғысына өзгертулер және толықтырулар енгізу бойынша ұсынысты әзірлейді;

4.7.8. Президиумның отырыстары қажет болған жағдайда, бірақ, бір жылда кем дегенде бір рет өткізіледі. Егер отырыста мүшелердің жартысынан көбісі қатысса, ол құқықты болып табылады, ал егер қатысушылардың 50%-нан көбі дауыс берсе, шешім қабылданған болып есептеледі, дауыс саны бірдей болған жағдайда Президент дауысы шешуші болып табылады.

4.7.9. Президиум мүшелерінің ішінен Жалпы жиналыс Президентті сайлайды;  
4.7.10. Президиум мүшелері ол құрылған сәттен бастап 5 жыл өткенде атқаратын лауазымынан босатылады, не олардың мерзімі бірлестік мүшелерінің Жалпы жиналысының шешімімен ұзартылады.

4.7.11. Президиум мүшелері өз міндеттерін тиісінше орындамаған жағдайда позицияларынан бұрын босатылуы мүмкін.

**Президент:**

4.8.1. Президиумды басқарады, бірлестіктің жоғарғы лауазымды тұлғасы болып табылады және Жалпы жиналыс бес жыл мерзімге тағайындайды;

4.8.2. Бірлестіктің бекіткен жобалары мен бағдарламаларының аясында бірлестіктің ағымдағы қызметін және Жалпы жиналыстың шешімдерінің орындалуын басқарады;

4.8.3. Бірлестіктің мүдделерін мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда ұсынады, бірлестіктің атынан келісімшарттар, шарттар және келісімдер жасасады, басқа заңды тұлғаларға қатысты бірлестікті ұсынады;

4.8.4. Өзінің қызметі және бірлестік Президиумның жұмысы туралы есепті Жалпы жиналыста ұсынады, бірлестік қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары үшін Жалпы жиналыстың мүшелерінің алдында жауапты;

4.8.5. Несие мекемелерінде бірлестіктің шоттарын ашады;

4.8.6. Сенімхатсыз бірлестік атынан әрекет етеді, несиелерді иемденуші болып табылады, қаржылық және басқа да құжаттарға қол қояды;

4.8.7. Бірлестіктің штаттық кестесі мен лауазымдық нұсқауларын Президиумның бекітуіне ұсынады;

4.8.8. Штаттық кестеге сай, бірлестіктің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және босатады;

4.8.9. Президиум мүшелерінің кеңесімен бірлестіктің бас жаттықтырушысын тағайындайды;

4.8.10. Өз құзыреті шегінде бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтарды шығарады;

4.8.11. Осы Жарғыға сәйкес бірлестік қызметінің басқа да мәселелерін шешеді.

4.8.12. Президиум Президенті атқаратын лауазымынан босатылуы мүмкін:

- Өзінің міндеттерін атқара алмаған жағдайда ғана Президиум шешімімен;

- Өз қызметінің теріс қорытындысы болған жағдайда Жалпы жиналыс шешімімен.

4.8.13. Президиум Президенті Президиумды нақты бас тартуына үш ай қалғанға дейін жазбаша нысанда бұл жайлы хабардар етіп, кез келген уақытта міндеттіліктерін орындаудан бас тартуға құқылы.

**Тексеру комиссиясы:**

4.9. Бірлестік қызметіне қаржы-шаруашылық бақылауды жүргізу үшін Жалпы жиналыс құрамы 3 адамнан тұратын Тексеру комиссиясын үш жыл мерзімге сайлайды.

4.10. Тексеру комиссиясы жылына кем дегенде бір рет тексеру жүргізеді және Жалпы жиналысқа өз жұмысы туралы есепті бекітуге ұсынады.

4.11. Тексеру комиссиясының мүшелері сайланған күннен бастап 3 жыл өткеннен кейін олардың лауазымынан босатылады немесе Жалпы жиналыстың шешімімен қайта сайланады;

4.12. Президиум мүшелері тексеру комиссиясының мүшесі бола алмайды;

4.13. Бірлестіктің Тексеру комиссиясының (ревизор) жұмыс тәртібі Бірлестіктің ішкі қызметін реттейтін ережелер мен басқа да құжаттармен анықталады.

**5-БАП. Мүшелік (қатысу). Мүшелікке ие болу мен оны жоғалту тәртібі**

5.1. Қазақстан Республикасының азаматтары бірлестіктің мүшелері бола алады. Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар Бірлестікте ҚР азаматтарымен тең мүше бола алады.

5.2. Бірлестіктің мүшелігіне қабылдауды бірлестіктің Президиумы жазбаша өтініштің негізінде жүргізеді. Бірлестіктің мүшелігіне қабылдау туралы шешімді бірлестіктің Президиум мүшелерінің кемінде жартысы қатысқанда қарапайым көпшілік дауысымен қабылдайды.

5.3. Бірлестіктің мүшелігінен шығару Президиумға жазбаша уәжді өтініш беру жолымен шыққанға дейін үш айдан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

5.4. Бірлестіктің мүшелігінен шығару туралы шешімді Президиум қабылдайды. Шешім қабылданған күн шығарылған күн болып есептеледі.

5.5. Президиум Бірлестіктің құрамынан мүшеліктен шығару туралы шешім қабылдағанға дейін ол Бірлестікке қатысты өзіне қабылдаған міндеттіліктерін орындауы тиіс.

5.6. Федерация мүшелері жарна төлейді. Мүшелік жарнаның мөлшері мен төлеу тәртібі Федерация Президиумының отырысы Хаттамасымен анықталады.

**6-БАП. Бірлестік мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

**6.1. Бірлестіктің мүшелері құқылы:**

6.1.1. Бірлестіктің басқару органдарын сайлауға және сайлануға;

6.1.2. Бірлестіктің басқару органдары қарауына бірлестіктің қызметіне қатысты мәселелер бойынша ұсыныс енгізуге;

6.1.3. Бірлестіктің қызметіне қатысты ақпаратты алуға;

6.1.4. Бірлестіктің мүшелерінің өз еркімен бірлестіктің құрамынан шығуға;

6.1.5. Бірлестік мамандарынан білікті ақыл-кеңес алуға;

6.1.6. Мүшелік жарнаны төлеу сәтінен бастап ( ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін күші бар) ҚР боулерлер рейтингісіне қатысу құқығына ие болуға, халықаралық боулинг жарыстарында ҚР атынан шығуға, Аймақтық Боулинг Федерациясы мен Халықаралық Боулинг ережесіне сай, ҚР Мәдениет және спорт Министрлігімен бекітілген, нормативтік разрядтарға сәйкес спорттық атақтар алуға.

**6.2. Бірлестіктің мүшелері міндетті:**

6.2.1. Бірлестіктің қызметіне қатысуға;

6.2.2. Осы жарғыны сақтауға;

- 6.2.3. Бірлестіктің іс-шараларына қатысуға, кіру, мүшелік жарналарды жыл сайын дер кезінде төлеуге;
- 6.2.4. Бірлестікке моральдық және материалдық залап тигізетін әрекеттерді жүзеге асырмауға;
- 6.2.5. Осы Жарғының мақсатына сай, Бірлестіктің алдында тұрған мәселелерді шешуге белсенді түрде жәрдемдесуге;
- 6.2.6. Бірлестіктің басқару органдары шешімін орындауға;
- 6.3. Бірлестіктің мүшелері бірлестікке өздері берген мүлігіне, соның ішінде мүшелік, кіру жарналарына құқығы жоқ.
- 6.4. Бірлестік өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, осылайша бірлестіктің мүшелері бірлестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- 6.5. Осы жарғының талаптарын бірлестіктің мүшесі бұзғаны үшін бірлестік Президиумның шешімі бойынша бірлестікте оның мүшелігі тоқтатылуы мүмкін.

## **7-БАП. Бірлестіктің мүлігі**

7.1. Қоғамдық бірлестік жарғылық мақсаттарға жетуге септігін тигізетіндіктен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыра алады. Қоғамдық бірлестік кәсіпкерлік қызметті Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Қоғамдық бірлестіктердің кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстарына Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес салық салынады.

Қоғамдық бірлестіктің кәсіпкерлік қызметінен түскен табыстарын қоғамдық бірлестік мүшелерінің арасында қайта бөлуге болмайды және олар жарғылық мақсаттарға жету үшін қолданылуы тиіс.

Қоғамдық бірлестіктердің өз қаражатын қайырымдылық мақсаттарына қолдануына жол беріледі.

7.2. Бірлестіктің мүлігі баланста тұратын материалдық құндылықтары және қаржы ресурстары құрайды. Бірлестіктің меншігі ғимарат, құрылыс, тұрғын қоры, автокөлік, жабдық, бұйымдар, мәдени-ағартушылық және денсаулыққа арналған мүлік, ақшалар, акциялар және де құнды қағаздар, сонымен қатар, осы жарғымен қарастырылған қызметті қамтамасыз ету үшін қажетті өзге мүлік бола алады.

### **7.3. Бірлестік мүлігінің көздері мыналар:**

7.3.1. Бірлестік мүшелерінің мүшелік жарналары;

7.3.2. Түрлі нысанда әртүрлі ұйымдардың және жеке азаматтардың ерікті жарналары мен қайырымдылықтары;

7.3.3. Қайырымдылық акцияларынан, аукциондардан, лотереялардан және де басқа бірлестік жүргізетін шараларды өткізуден түскен түсімдер;

7.3.4. Грант түрінде қаржылай көмек;

7.3.5. Рұқсат етілген кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстар;

7.3.6. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражаттар мен түсімдер;

7.4. Бірлестікке түскен бүкіл ақша, бірлестік мүшелерінің жарналарын қоса алғанда, сонымен қатар, қызметтен түскен таза табыс меншік құқығы негізінде бірлестікке жатады және жарғылық мақсаттарға жұмсалады.

7.5. Түскен қаражаттың және жарналардың, сонымен қатар, алынған таза табыс есебінен қызмет үшін қажетті бірлестіктің экономикалық қорлары, оның ішінде еңбек ақысын төлеу қоры және өкілдік қор құрылады.

7.6. Бірлестік мүшелігінен шыққан қатысушылардың мүшелік жарналары қайтарылмайды.

## **8-БАП. Мүдделердің қақтығысы және олардың шешу жолдары**

8.1. Ұйымның мүлігіне ие етуге байланысты, Бірлестік пен мүдделі тұлғалар арасындағы мәміле – өзара мүдделер қақтығысын болжайды.

8.2. Мүдделі тұлғалар бірлестіктің басқару органының (Президиумның) мүшелері болып табылады, сондай-ақ, бірлестікпен өзара қарым-қатынасы бойынша олардың ұйымымен жеке немесе өкілі арқылы мәмілелер жасасатын, бірлестіктің мүліктеріне билік етуіне ықпал ететін тұлғалар болып табылады.

8.3. Бірлестіктің мүдделі тұлғаларының туыстарымен, сондай-ақ, олардың кредиторларымен мәмілелер жасасқан жағдайда - мүдделер қақтығысын болжайды.

8.4. Мүдделер қақтығысын шешу жолдары.

8.4.1. Мүдделер қақтығысы болжалған мәміле Бірлестік Президиумы тарапынан бекітілуі тиіс. Мүдделі тұлға Президиумға болжамалы мәміле туралы ақпарат беруі тиіс.

8.4.2. Егер мәмілені Бірлестік Президиумы бекітпеген жағдайда, мүдделер қақтығысы болған жағдайда мүдделі тұлға осындай мәміленің нәтижесінде қауымдастыққа келтірілген зиян үшін жауапты болады.

8.4.3. Зиян келтірумен қатар, мұндай мүдделі тұлға осындай мәмілені жасасу нәтижесінде пайда болған барлық табысты бірлестікке қайтаруы тиіс.

8.4.4. Егер шығындар бірнеше мүдделі тараптардың әрекеттерінің нәтижесінде пайда болса, олар бірлестік алдында ортақ жауапты.

## **9- БАП. Бірлестік Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар еңгізу тәртібі**

9.1. Бірлестік мүшелерінің кем дегенде жартысы қатысқан жағдайда, осы Жарғыға өзгерістер мен толықтыруларды тек қауымдастық мүшелерінің Жалпы жиналысы ғана жасай алады.

9.2. Жарғыға енгізілген өзгерістер немесе толықтырулар - қатысып отырған мүшелердің жартысынан көбі дауыс берген жағдайда қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру нысанын жиналыс белгілейді.

9.3. Бірлестіктің әрбір мүшесі Жарғыға өзгерістер, не толықтырулар еңгізу туралы ұсыныс жасауға құқылы. Президент өз бастамасымен Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар еңгізу туралы ұсыныс жасауға құқылы.

#### **10-БАП. Қаржы жылы және есеп беру**

10.1. Бірлестіктің қаржы жылы күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін белгіленеді.

10.2. Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

#### **11-БАП. Еңбектегі және әлеуметтік өзара қарым-қатынас**

11.1. Бірлестіктің үшінші тұлғалармен және еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынасының сипаты мен тәртібі нақты еңбек және шаруашылық келісімдерінде анықталады.

11.2. Бірлестік Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы Заңына сәйкес жеке еңбек шарттарын жасасып, жұмыскерлерді жалдауға құқылы.

11.3. Жұмыскерлерді әлеуметтік сақтандыру қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіппен және талаптармен жүзеге асырылады.

11.4. Жұмыс режимін Президент белгілейді.

#### **12-БАП. Филиалдар және Өкілдіктер**

12.1. Бірлестік Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан астамының аумағында жұмыс істейтін филиалдар мен өкілдіктер ашуы міндетті.

12.2. Филиал (өкілдік) бірлестіктің мүлігімен қамтамасыз етіледі және бірлестік бекіткен Ереженің негізінде әрекет етеді. Филиал немесе өкілдік мүлкі жеке-дара баланста және бірлестік балансында ескеріледі.

11.4. Филиал (өкілдіктер) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде жүргізілетін есептік тіркеуге жатады

11.5. Филиалды (өкілдікті) тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негізде және тәртіпте жүзеге асырылады.

#### **13-БАП. Қайта құру және тарату**

13.1. Бірлестіктің қызметін тоқтату заңнамалық актілерде көзделген тәртіппен қайта ұйымдастыру немесе тарату нысанында жүзеге асырылады.

13.2. Бірлестікті қайта құру - біріктіру, қосылу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру және заңнамада көзделген басқа нысандарда жүзеге асыруға болады. Бірлестікті қайта құру кезінде оның құқықтары мен міндеттіліктері құқықтық мирасқорларына көшеді.

13.3. Бірлестік келесі жағдайларда таратылады:

- Бірлестік мүшелерінің Жалпы жиналысының шешімі бойынша;

- Соттың шешімі бойынша, сонымен қатар, қолданыстағы заңнамада көзделген өзге де жағдайларда.

13.4. Бірлестікті таратуды оның мүшелері тағайындаған тарату комиссиясы жүргізеді, егер Бірлестік жұмысын сот арқылы тоқтатса, онда сот тағайындаған тарату комиссиясы жүргізеді.

13.5. Тарату комиссиясы Бірлестіктің таратылуы туралы хабарды орталық әділет органының баспалық басылымдарында жариялауға міндетті.

13.6. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап Бірлестік істерін басқару өкілеттілігі оның құзыретіне көшеді. Тарату комиссиясы Бірлестіктің мүлкін бағалайды, оның несие берушілері мен дебиторларын анықтайды, олармен есептеседі, Бірлестіктің үшінші тұлғаларға қарызын өтеу үшін шаралар қолданады, тарату балансын жасайды және оны Бірлестіктің Жалпы жиналысында ұсынады.

13.7. Бірлестікті тарату туралы хабарлама тарату комиссиясының есебі мен тарату балансы Бірлестік мүшелері Жалпы жиналысы (ерікті тарату жағдайында) немесе сот (мәжбүрлі тарату жағдайында) бекітіп, шешім қабылдағаннан кейін тез арада тіркеу органына жіберіледі. Заңды тұлғалардың ұлттық тізіліміне Бизнеске арналған сәйкестендіру нөмірлерін енгізілген сәттен бастап Бірлестік қызметін тоқтатқан болып есептеледі.

#### **14-БАП. Таратылатын Бірлестіктің мүлкі**

14.1. Бюджет пен Бірлестіктің несие берушілері алдындағы қарыз белгіленген тәртіппен өтелгеннен кейін қалған мүлік Бірлестіктің жарғысында көзделген мақсаттарға жұмсалады.

Бірлестік салық пен басқа да жеңілдіктерді пайдаланған және мүшелерінің жарналары, қызметінен алынған табыстар, жұртшылықтың қайырымалдығы есебінен жұмыс істеген, мемлекеттен немесе мемлекеттік емес ұйымдардан гранттар алған жағдайда, тарату кезінде кредиторлармен есеп айырысулардан кейін қалған мүлікті Бірлестіктің мүшелері, лауазымды тұлғалары немесе жалдамалы жұмыскерлері арасында қайта бөлуге болмайды, ол жарғылық мақсаттарға пайдаланылуы тиіс.

Президиум Президенті

\_\_\_\_\_ Ю.Д. Тлеумуратов